

Аудандық Мәслихаттың 2008 жылғы 10 сәуірдегі V сессиясының "Шет ауданында азық-түлік бағаларының қымбаттауына және коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуіне байланысты мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлем көрсету Қағидасы туралы" N 5/72 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2010 жылғы 15 сәуірдегі N 22/244 шешімі. Қарағанды облысы Шет ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 сәуірде N 8-17-98 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жергілікті бюджеттегі қаржы тапшылығына байланысты аудандық Мәслихаттың 2008 жылғы 10 сәуірдегі V сессиясының "Шет ауданында азық-түлік бағаларының қымбаттауына және коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуіне байланысты мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлем көрсету Қағидасы туралы" N 5/72 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2008 жылы 24 сәуірде N 8-17-58 болып тіркелген, аудандық "Шет Шұғыласы" газетінің 2008 жылғы 8 мамырдағы N 20 (10168) санында жарияланған), Шет аудандық Мәслихатының 2008 жылғы 30 қыркүйектегі VIII сессиясының "Аудандық Мәслихаттың 2008 жылғы 10 сәуірдегі V сессиясының N 5/72 "Шет ауданында азық-түлік бағаларының қымбаттауына және коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуіне байланысты мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлем көрсету Қағидасы туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 8/115 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2008 жылы 16 қазанда N 8-17-62 болып тіркелген, аудандық "Шет Шұғыласы" газетінің 2008 жылғы 23 қазандағы N 45 (10193) санында жарияланған) мынандай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген шешіммен бекітілген Шет ауданында азық-түлік бағаларының қымбаттауына және коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуіне байланысты мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлем көрсету Қағидасында:

1-тармақтың 1), 2), 3) тармақшалары алынып тасталсын;

5-тармақтың 1), 3) тармақшалары алынып тасталсын;

5-тармақтың 2) тармақшасындағы "16 жасқа дейінгі мүгедек балалар" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

2. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 1 мамырынан туындаған қатынастарға қолданылады.

Сессия төрағасы

М. Сатыбалдин

Аудандық Мәслихаттың хатшысы

Р. Мақсұтов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК